

Семей мемлекеттік медицина университеті

СӨЖ

Медициналық қызметтер нарығындағы бәсекелестің типтері

Дайындаған: Бақыт.Б 2020З

■ Логистика – біріншілік түзілу көздерінен соңғы тұтынушыға дейін минимальды шығынды жұмсай отырып материалдық және ақпараттық ағындардың кеңістіктегі және уақыт бойынша қозғалысын басқару ғылымы.

1. Дәрілік заттардың айналым сферасындағы логистикалық ыңғайлар. 2. Дәріханалық қойма фармацевтикалық қызметтің көтерме буыны ретінде.

3 Фармацевтикалық нарықтағы айналым сферасындағы операциялардың басым көпшілігі шикізаттардың, материалдардың өндіру стадиясындағы дайын өнімнің материалдық ағынының қозғалысымен, сонымен бірге өндірушіден соңғы тұтынушыға дейінгі тауарқозғалысымен байланысты. Материалдық ағын жаңа пән логистикадағы басқару және оптимизацияның негізгі объектісі болып табылады (грекше logistics – талқылау, есептеу өнері).

- ▣ **5** Ғалымдар мен тәжірибе мамандарының есебінше логистиканы қолдану материалды қорларды 30-70%-ға қысқартуға, сақтауға кететін уақытты қысқартуға, өндірушіден тұтынушыға дейінгі өнімді жеткізуді жылдамдатуға, тауарқозғалысы жүйесінде экономикалық тиімділікке қол жеткізуге мүмкіндік береді.

- ▣ Фармацевтикалық өнімдерді сату каналдарын ұйымдастыру  
Фармациядағы өтім логистикасының басты мақсаты (бөлу логистикасы) – фармацевтикалық өнімдер мен қызмет түрлерін бөлуді тиімді ұйымдастыруды қамтамасыз ету болып табылады. Бөлудің логистикалық каналы тауарды өндірушіден соңғы тұтынушыға жеткізетін нарықтық делдалдардан тұрады. Фармацевтикалық нарықта мұндай делдалдардың қатарына келесілер жатады: көтерме сауда кәсіпорындары, оларды дистрибьюторлар деп атайды; дәріханалық ұйымдары (бөлшек сауда кәсіпорыны).

- ▣ Дәріханалық қойма Дәріхана қоймасы- бұл денсаулық сақтау жүйесіне жататын заңды тұлға немесе арнайы фармацевтік білімі бар жеке кәсіпкер ұйымдастыратын дербес құрылымдық мекеме. Дәріхана қоймасы дәріхана жүйесін және ЕАМ дәрілік заттармен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылады. Дәріхана қоймасы өзінің қызметін ҚР заңдарына, ДСМ бұйрықтарына, ДСМ құрамындағы Фармация комитеті нұсқауларына сәйкес жүзеге асырады. Дәріхана қоймаларының қызметін дәрілік құралдар медициналық мақсаттағы бұйымдар және медициналық техника сараптау орталығы фармацевтік бақылау басқармасы және олардың облыстық бөлімшелері бақылайды және тексереді. Дәріхана қоймалары өз жұмысын экономикалық жағынан шаруашылық есепке сүйене отырып жүргізеді, яғни экономикалық дербестік және өзін-өзі толық қаржыландырады, сонымен қатар пайданың түсуін қамтамасыз етеді.

- Дәріханалық қойманың негізгі міндеті ДЗ мен ММБ, сонымен бірге дәріхана ассортиментіндегі басқа да тауарларды сатып алуды, қабылдауды, сақтауды, жинақтауды және емдеу алдын алу ұйымдары мен фармацевтикалық (дәріханалық) ұйымдарға көтерме сатуды жүзеге асыру болып табылады.
  
- 11 Қолданыстағы нормативті құжаттармен белгіленген ДЗ сатып алу және босату ережесін сақтайды. Қолданыстағы нормативті құжаттармен белгіленген ДЗ сатып алу және босату ережесін сақтайды. Сатылатын өнімдерді сапасын бақылау және сертификаттау тәртібін сақтайды. Сатылатын өнімдерді сапасын бақылау және сертификаттау тәртібін сақтайды. Фармацевтикалық нарықтағы сұраныс және ұсынысты зерттейді. Фармацевтикалық нарықтағы сұраныс және ұсынысты зерттейді. Негізгі функцияларын жүзеге асыру үшін дәріханалық қойма:

- ▣ Дәріханалық қоймалардың орналасуы: 1) жеке тұрғызылған ғимараттарда; 2) ғимараттар құрылымындағы тұрғын үй фондысына кірмейтін оқшау үй-жайларда орналасады. Дәріханалық қоймалардың тұрғын үй фондысына кіретін ғимараттар құрылымында орналастырылуына тиым салынады

- ▣ **13** Өндірістік қызметі, міндеті және функциялары. Дәріханалық қойманың негізгі міндеті ДЗ мен ММБ, сонымен бірге дәріхана ассортиментіндегі басқа да тауарларды сатып алуды, қабылдауды, сақтауды, жинақтауды және емдеу алдын алу ұйымдары мен фармацевтикалық (дәріханалық) ұйымдарға көтерме сатуды жүзеге асыру болып табылады. Негізгі функцияларын жүзеге асыру үшін дәріханалық қойма: Қолданыстағы нормативті құжаттармен белгіленген ДЗ сатып алу және босату ережесін сақтайды. Сатылатын өнімдерді сапасын бақылау және сертификаттау тәртібін сақтайды. Фармацевтикалық нарықтағы сұраныс және ұсынысты зерттейді.

- Құралдармен жабдықталуы. Дәріханалық қойма орынедайтын функцияларына сәйкес құрал-жабдықтармен және мүліктермен жабдықталуы тиіс: дәрі-дәрмектерді сақтауға арналған сөрелермен, поддондармен, подтоварниктермен; термолабильді дәрілік заттарды сақтауға арналған мұздатқыш қондырғылармен; жүкті тиеу және түсіру жұмыстарына арналған механизация құралдарымен; ауа параметрлерін тіркеуге арналған приборлармен; дәрілік заттардың жеке топтарын, есеп құжаттарын, анықтама әдебиеттерін сақтауға арналған ағаш және металл шкафтармен (сейфтермен).



- ▣ Субстанцияларды қайта қаттау бойынша функцияларды жүзеге асыру үшін дәріханалық қойма қосымша келесі жабдықтармен жабдықтылуы керек: қажетті дәрежеде тексерілген салмақ өлшеу құралдарымен; дистилляторлармен; кептіру шкафтарымен; белгіленген талаптарға сай басқа да жабдықтармен. Мұнан басқа, дәріханалық қойма арнайы анықтамалық әдебиетпен қамтамасыз етілуі керек (ДЗ сақтау және босату бойынша нормативті құжаттармен, ДЗ қолдану бойынша анықтама әдебиетімен, ҚР дәрілік заттардың Мемлекеттік реестрімен және т.б.).

- ▣ Персонал. Дәріхана қоймасына жетекшілікті фармацевтикалық білімі бар, жұмыс өтілі 3 жылдан кем емес маман жүргізеді. Фармацевтикалық және көмекші персоналдардың санын дәріханалық қойма жетекшілігі анықтайды және ол дәріханалық қойманың типіне және жұмыс көлеміне байланысты болады. Бекітілген келсімідерге сәйкес медициналық өнеркәсіп кәсіпорындарының және басқа да ведомствалардың өнімдері дәріханалық қоймаға түседі және қабылдау бөлімі арқылы өтеді. Қабылдау бөлімінен дәрі-дәрмектер және басқа да тауарлар сәйкес оперативті бөлімдерге түседі, ол жерлерде тауарларды сақтайды және емдеу алдын алу бұйымдарына босатады.

- Қоймадан медициналық тауарларды босату  
Дәріханаларды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету процесі келесі элементтерден тұрады: тапсырыстарды (талаптарды) жазу, оны дәріханалық қоймаға жіберу, түзетулер енгізу, тапсырысты дайындау және тауарларды дәріхана желісіне және ЕАҰ жеткізу. Талап бойынша таңдалып алынатын тауарлар тапсырыстарды жинақтауға арналған арнайы бөлмелерде жинақталады, ондай бөлмелер қойманың барлық оперативті бөлімдерінде болу керек. Алынған материалдың атын және санын шотта көрсетілгендермен мұқият тексереді, салыстырады және буып- тую бөлмесіне жібереді.

- Улы және есірткі заттарға тапсырыс-талапты дәріхана меңгерушісі жазады және мөрмен бекітіледі, ал этил спиртіне жазылған тапсырыс-талапқа есеп қызметкері қолын қояды. Талапта көрсетілген улы және есірткі заттардың, этил спиртінің мөлшері жазумен жазылады. Улы және есірткі дәрілік заттарды беру жеке сенімхат бойынша жүргізіледі (оның жарамдылық мерзімі 3 ай). Дәріханаларға және емдеу ұйымдарына улы және есірткі заттарды босату тікелей бөлімде жүргізіледі. Этил спирті жеке сенімхат және накладной бойынша босатылады, онда спирттің пайыздық мөлшері көрсетіледі. Ілы және есірткі заттар, этил спирті дәріханалық қоймада арнайы кітапта заттық-сандық есепке алынады.

- Дәріхана қоймаларында дәрілік заттарды жән медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау, қабылдау, босату қызметтерін дұрыс ұйымдастыру үшін тиісті үй-жайлары және бөлімдері болады: 1) Өндірістік мекен-жайлары: қабылдау, экспедициялау бөлімі, оның аумағы 20 м<sup>2</sup> ; сақтау мекен-жайлары: аумағы 110 м<sup>2</sup>, оның ішінде а) дәрі-дәрмектік препараттарды сақтайтын мекен-жай- 62м<sup>2</sup> б) улы және наркотикалық заттарды сақтайтын мекен-жай 6м<sup>2</sup> в) жанғыш, тез тұтанғыш сұйықтарды сақтайтын мекен-жай- 6м<sup>2</sup> г) дезинфекциялық заттар және қышқылдарды сақтайтын мекен-жай- 6м<sup>2</sup> д) дәрілік өсімдік шикізаттарын сақтайтын мекен-жай- 10м<sup>2</sup> е) медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтайтын мекен-жай- 10м<sup>2</sup> ж) шыны ыдыстарды және қосалқы материалдарды сақтайтын мекен- жай- 10м<sup>2</sup> Қызметтік-тұрмыстық үй жайлары 20м<sup>2</sup> Барлығы: 150м<sup>2</sup>

- ▣ Дәрілік заттарды, медициналық өнімдерді қабылдау және оларды тиісті бөлімдерге беру үшін дәріхана қоймасына қабылдау комиссиясы құралады. Құрамы 3 адамнан кем болмау керек. Комиссия төрағасы қабылдау бөлімінің меңгерушісі немесе дәріхана қоймасының меңгерушісі болады. Ал комиссия мүшелері басқа бөлімдердің меңгерушілері, бейтарап мекемелерден өкіл шақырылуы мүмкін. Бұл комиссия тауарларды, өнімдерді ҚР министрлер кабинетінің қаулысымен бекітілген нұсқаулыққа сәйкес қабылдайды. Министрлер кабинетінің нұсқаулықты бекіту қаулысы 1994ж. 9 қарашада жарық көрді 1240 Өнімдерді және тауарларды санына және сапасына сәйкес қабылдау тәртібі туралы нұсқаулық, бұл нұсқау 6 тараудан тұрады.

- ▣ Жалпы жағдайлар (ережелер) Тауарларды қабылдау орны және мерзімдері Тауарлардың саны, сапасы және комплектілігіне қарай қабылдау тәртібі Тауарлардың санын және сапасын таңдамалы тексеру. Тауарлардың санын, сапасын анықтау үшін сынама үлгілерін алу. Қабылдау актісін хаттау (кұрастыру) және оның мазмұны Тауарлар кем шыққан кезде және сапасыз комплект емес түскенде наразылық мәселелерін шешу тәртібі.

- Дәрі-дәрмектерді қабылдау, дұрыс сақталу және босатуға сәйкес бөлмелерде орналасу керек. Дәрілерді сақтау принципіне сәйкес қабылдау, сақтау, босату келесі көрсеткіштерді есептей отырып орналасады: токсикологиялық топтары А, Б тізімді күшті әсер ететін, наркотикалық әсері бар дәрілер жалпы тізімді дәрілер қолдану әдісі бойынша; ішке, сыртқа физико-химиялық қасиеттері сақтаулы мерзімдері шектеулі дәрілер фармакологиялық топтары



- ▣ Аттары ұқсас және алфавит қатары бойынша дәрілік заттарды сақтауға болмайды. Барлық дәрілік заттар физико-химиялық қасиеттеріне байланысты және қоршаған ортаға байланысты әсер етуіне байланысты бірнеше топтарға бөлінеді: жарықтан қорғауды талап ететін дәрілер- антибиотиктер, галенді препараттар, дәрілік өсімдік шикізаты, органопрепараттар, нитроқосылыстар, витаминдер, аминоқосылыстар, фенол қосылыстары, фенатидин туындылары. ылғалдан қорғауды талап ететін дәрілер- гигроскопиялы заттар мен препараттар ( Калий ацетаты, құрғақ экстракт, галоген сутегі, алкалоид тұздары, гликозидтер, ферменттер). ұшқыш заттардан қорғауды талап ететін дәрілер- спиртті тұндырмалар, сұйық спирт, концентраттар, қою экстракттар, эфир майлары, аммиак ерітінділері (формальдегид, спирт). жоғары температурадан қорғауды талап ететін дәрілер- вакциналар, анатоксин, антибиотиктер, гармонды препараттар, медициналық майлар. төмен температурадан қорғауды талап ететін дәрілер- 40% формальдегид, мұзды сірке қышқылы, медициналық майлар.

- қоршаған ортадағы газдардан қорғауды талап ететін дәрілер- морфин туындылары, күкірт қосылыстары, ферменттер, метал негіздерінің туындылары, эуфиллин, магний тотығы, натрий гидрокарбонаты. бояғыш және иісті заттардан қорғауды талап ететін дәрілер қауіпті және опарғыш заттардан қорғауды талап ететін дәрілер- физико-химиялық қасиетіне байланысты өрт тудыратын заттар жеңіл жанатын және жеңіл тұтанғыш, ал қопарғыш заттар қопарғыш және қопарғыш туғызатын болып бөлінеді: қопарғыш зат- нитроглицерин қопарғыш тудыратын заттар- калий перманганаты, күміс нитраты жеңіл тұтанатын- спирт, спирт ерітінділері, сүт қышқылы, органикалық майлар, полиэтил, рентгендік пленкалар. жеңіл жанатын заттар- таңу байлам материалдары, күкірт, глицерин, өсімдік майлары, дәрілік өсімдік шикізаты.

**Назарларыңызға рахмет!!!**